



Бекітемін
«Гүлдер» жекеменшік
балабақшасының директоры
М.Е.Овезова

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «РАУШАН» МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ
ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
/СӘУІР АЙЫ/**

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «Гүлдер» балабақшасы

Топ: мектепалды топ «РАУШАН»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **30.03. - 03.04.2026 ж.**

Педагогтің аты-жөні: Мұсаханова А., Коджикова А.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) Дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) Аспанда күн ыстық. Жерде бізге кім ыстық? Әке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық! Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) “Хоки-поки биі”	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру. Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, оқу үлгерімі жайлы ақпарат беру. Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру. Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады" тақырыбында кеңестер беру. Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла». Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (еңбек, танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта

бейнелеу, дербес және басқалары)	қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Үлестірмелі материалдар мен жабдықтарды ұқыпты тарата білуді бекіту. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге тиянақтылықпен жетуге, үлкендерді сыйлауға, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б. "Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру.	шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті) Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Бояғанда, суреттің шетінен шықпауды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Балалардың қалаулары бойынша. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай	аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. "Бір шаңырақ астында" өлеңін жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу. Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз, Қалған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз! Н.Айтов «Өрнекті жина» ойыны. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.	кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау. Шамасы келетін еңбек (кітаптарды қалпына келтіру) әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Айналадағы заттар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. «Қаржылық сауаттылық». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы. Қазақ халқының тұрмыстық заттары, бұйымдары. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап	кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. "Экологиялық тәрбие". Медиа Дамытушы мультфильмдер. Tіgtag Junior "Ғажайып өсімдіктер". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін
----------------------------------	---	--	--	---	---

	Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз").	отырып, қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. «Көзінді жұм, қолыңмен анықта, сипаттамасын бер» жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Ойынның мазмұны. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған жасырынған заттардың қасиеттерін, затқа қарамай, анықтауға мүмкіндік беру.	Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар.	мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Балалардың қалаулары бойынша қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарын (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) жасау, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану. Үстел үсті ойыны «Есіңе сақта». Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Педагог балалардың қаншалықты естеріде сақтағандарын тексереді. (танымдық іс-әрекет)	зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Байланыстыра сөйлеуде, ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыландыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдай білуді, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білуді дамыту. Ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы. Таныс сюжеттер әлемі. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың қалаулары бойынша біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 -	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 -	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 -	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 -	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 -

		7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.	7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.		
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Салт-дәстүр. Қонақасы Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Әкелер мектебі»: қабылдау бөлмесін "Ғарыш" тақырыбына әшекейлеу, балалардың ғарыш туралы суреттер көрмесін ұйымдастыру. Балалар кітапханасы: ғарышқа ұшу жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; ғарышкерлер тақтасын жасау; өлеңдер мен әңгімелерді оқу. "Күй күмбірі": "Ел жаңа" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) «Өнегелі»: Еңбек және мамандықтар. Тақырыбы: «Барлық мамандықтар маңызды». Мақсаты: адам өміріндегі еңбектің орны. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Мейірімділік ағашы» Ойынның мақсат-міндеттер:	"Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы.	«Менің достарым». «Досымның артықшылығы»	«Эмоцияларды жаттықтырамыз»	"Ағаштан не жасайды?" Мақсат-міндеттер: ұлттық салт-

	«игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуді, монологты байланыстырып құра білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. Эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру.	тақырыбына пікір алмасу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге ынталандыру. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.	Мақсат-міндеттер: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; - ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауат ашу негіздері "[h] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: [h] дыбысын таныстыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қазақ тілі "Домбыра туралы аңыз". Мақсат-міндеттер: балаларды	Сауат ашу негіздері "X және h дыбыстары". Мақсат-міндеттер: балалардың X және h дыбыстары жайында білімдерін тиянақтау, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.	Математика негіздері "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Қғаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөздерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру. Балаларды ғарыш әлемі	Математика негіздері "Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық" Мақсат-міндеттері. Балаларды қосу және алу операцияларына байланысты қарапайым есептерді шығаруға дағдыландыру, шартты өлшем туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға заттардың көлемін салыстырғанда шартты өлшемді пайдалануды үйрету,	Сауат ашу негіздері "[ф] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттер: Ф дыбысын таныстыра отырып, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Сурет салу "Қоржынды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның",

	қазақ тілінде домбыра туралы аңызды мұқият тыңдауға үйрету; шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру негізінде мәтінді түсіну қабілетін дамыту. Дене тәрбиесі "Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуы" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіруге үйрету. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қазақ халқының ұлттық аспаптары" Балаларды қазақ халқының ұлттық аспаптарымен таныстыруды жалғастыру; аспаптардың атауларын пысықтау; ұлттық аспаптардың әуендерін тыңдату, оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету; еске сақтауды, сөздік қорды байыту, сөйлеу тілін дамыту; қазақ халқының ұлттық	Математика негіздері. "Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың геометриялық фигуралар мен денелерді дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Алыс және жақын жердегі заттардың шынайы табиғатын тануға ынталандыру. Жиын мен оның құрамы арасында қатынасын анықтау білігін дамыту; қағаз парағының бетін бағдарлау дағдыларын бекіту. Музыка "Атамекен" Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді жетілдіру. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуді, жоғары және төменгі дыбыстарды ажырату дағдыларын дамыту. Музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру, жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыканың қимыл сипатын жеткізуге ынталандыру. Музыкалық аспаптарда	жайлы түсініктерін қалыптастыру. Қазақ тілі "У дыбысы". мақсат-міндеттер. Балаларға «У» дыбысын таныстыру; У у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру; «У» дыбысының дұрыс айтылуын меңгерту; У дыбысын буында, сөзде анық айтуды үйрету, артикуляциялық жаттығуларды толық орындауын қалыптастыру; тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалай білуге баулу; қолөнерге қызығушылықты арттыру. Дене тәрбиесі "Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіруге пысықтау. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына,	сызғыштың сипаттамасымен таныстыру; қоршаған объектілерді топтастыру, қосу, алу және теңестіру амалдарын есепте көрсетуге талпындыру; бүтіннің құрамын түсіндіру (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кішкентай), осы бөлікті сандар құрамында қолдануға жаттықтыру. Тіл дамыту "Таңғажайып гүлдер" Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру. "Атамекен, ақ мекен" Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді, жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуды жетілдіру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеуінсіз ән салу, әннің сөздерін анық айту, дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіру дағдыларын дамыту. Музыканың қимыл сипатын жеткізуге ынталандыру. Музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуді жетілдіру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Шоқ жұлдыздар" Балаларға астрономия ғылымы туралы түсініктер беру, оны ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деген ұғымдарды түсіндіру; Күн	бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу. - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу. Дене тәрбиесі "Гимнастикалық бөрене үстінде жаттығу жасау" Балаларды гимнастикалық бөрене үстінде тепе-теңдік сақтай отырып жаттығу жасауға үйрету; қатарда бір-біріне қарама-қарсы тұрып, құрсауды домалатуға жаттықтыру; заттардың арасымен жүру және жүгіру жаттығуларын орындауға дағдыландыру. Негізгі қимылдарды жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Көркем әдебиет "Ыбырай Алтынсариннің «Таза
--	---	---	--	--	--

	өнеріне көзқарастарын кеңейту өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу; шығармашылығын дамыту.	ырғақты ойнай білуге үйрету. Тіл дамыту "Б. Соқпақбаев «Ағаштар неге ашуланды?» пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларға "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.	ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Көркем әдебиет "Әдібай Табылдының «Тіл алмаудың кесірі» атты әңгімесін мазмұндау" Балаларды Әдібай Табылдының «Тіл алмаудың кесірі» атты әңгімесімен таныстыру; әңгімені жоспар бойынша мазмұнындау дағдысын жетілдіру; бас кейіпкердің қасиеттерін көркемдік құралдар, мимика, ым-ишара арқылы жеткізу дағдысын дамыту; зейін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; қос сөздермен таныстыру; өзін-өзі басқаруға, өз ісіне, денсаулығына жауапты қарауға, табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.	жүйесінің 8 планетасын атауды, олардың арасынан Жер планетасын табуды үйрету; жеке болжамды дәлелдеу және өз бетінше қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастыру; зейін, еске сақтау, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зияткерлікке, шығармашылыққа баулу.	бұлақ» әңгімесін оқу" Балаларды Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» атты шығармасымен таныстыру; балаларға түбір сөздер мен туынды сөздердің мағыналық байланысын көрсету; есім сөздерге «-дай» жұрнағын жалғау арқылы сын есім жасауды үйрету; өз ойларын еркін жеткізуге баулу; ойларын дәлелдеу білігін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; ұғымталдыққа, табиғатты аялауға тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту. BilimKids дамытушы мультфильмі Киюді үйрену				
Серуен	«Экологиялық тәрбие». Қарағашты бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.	«Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.	Торғай, көгершін құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қыстап	Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" (бұлт) ұғымын	Жыл құстарын бақылау. Ұзақ (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас, танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын;

Балалардың тірі табиғат түрі, қарағаш ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; көктемде ағаштардың тіршілігі (бүршік ату) себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуді жетілдіру. Қауіпсіздік. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін, экологиялық білімдерін тиянақтау, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Қарағашты неге солай атайды? Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды? Қарағаштың діндегі Әжемнің әжіміндей, Қарағаштың тамыры Тарайды өрімдей. Суық пен ыстыққа қарағашым-ай төзеді, Бұтақтарын жан-жаққа жайып өседі. "Шыда, шыда" - деседі ол жолаушыға, Көлеңкесін дарып, пана беріп сұраушыға. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге	Балалардың тірі табиғат түрі, терек ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; терек ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; көктемгі тіршілігі (бүршік ату) себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Қауіпсіздік. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Гүлнар Науырша "Көк терек" Көк терек гүлденсейші, гүлденсейші, Өзгелердей сен әсем түрге енсейші. Терезеден қараймын талдарыңа, Бұр жарды ғой барлығы жан-жағыңда. Қайда сенің бұтағың, жапырағың, Арайланып жайнайды атырабың. Бәрі-бәрі гүлдеді шешек атып, Сондай сәтте сен неге тоқырадың. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті)	қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту. Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Тақпақ. Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлескені тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы». Қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны: «Киік» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарына деген қызығушылығы мен белсенділігін қолдау;	бекіту. Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын баяндау. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере білуді жетілдіру. Байқағыш болу қабілетін, ой-қиялын дамыту. Ақылбек Шаяхмет "Бұлттар" Ақша бұлттар, ақша бұлттар, Бойларында пәк шабыт бар. Даналық па, шалалық па? – Нөсер, бірақ, қара бұлттар... «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. «Аққу-қаздар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Әртүрлі жүгіру дағдыларын жетілдіру, белгі бойынша және ережелерге сай, ойынның ортақ мақсаты мен өз рөліне сәйкес ойнай білуге үйрету; ептілікті,	адамның табиғатты қорғау, сақтау керек екенін, құстар өміріндегі маңызы туралы түсініктерін тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді. Қамқорлыққа тәрбиелеу, көктемде құстар үшін қолдан жасанды ұяларды құру қажеттілігін түсіндіру. Жұмбақтар Тал басында ағаш үй, Терезесіз тамаша үй. Соны мекен етеді, Қыста алысқа кетеді. (Қара торғай) Сирағы ұқсас қамысқа, Мойыны имек сорайған, Қауқиған кім алыста Қаракшыдай қарайған? (Тырна) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйргі. (Қарлығаш) Жылы жақтан ұшып келген қонақтар, Бұл бұтақтарға қонған ... (ұзақтар). Сабырхан Асанов Құстар сайрай бастады... Құстар сайрай бастады, Көктем қайта келе ме? Жайраң қағып жас талы, Ел көңілін бөле ме?! Аспан нұрға боялды, Жұлдыздарын түн қамдап. Ұйқысынан оянды,
--	--	---	--	---

	жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсатшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. «Қармақ» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруді, бұлшық ет жүйесін, дербес қимыл белсенділігін жетілдіру. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен айналысуға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Қауіпсіздікті қадағалау. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді.	Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. "Сұңқар мен түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беруОйын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. «Жіпті көтеру» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. «Құрсауға секір» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды тереңдікке секіру жаттығуларын орындауға, қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіріп (арақашықтықтығы 40 сантиметр), тепе-теңдікті	физикалық қасиеттерін (жылдамдық, күш, ептілік, төзімділік, шапшаңдық) дамыту; қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, ойын ережелерін нақты әрі саналы түрде сақтай білу дағдыларын қалыптастыру. Белгі-сөздерге тез әрекет етуге, шеңберден жылдам шығып кетуге немесе шеңбер ішінде ұстап алуға үйрету. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар санамақ арқылы бір баланы «киік» рөліне таңдайды. Қалған балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп (қақпа жасап), шеңбер бойымен жүреді. «Киік» шеңбердің ішінде тұрып, қалауы бойынша қозғалады. Киік жайылса, тұйық қой, Алысқа жапса, жүйрік қой. Киікті ойнаған бала өзін ұстатпай, шеңбердің ішінен жылдам «секіріп» өтіп кетуі керек. "Кім жылдам?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: тізені жоғары көтеріп, педагог белгілеген межеге дейін аяқтың ұшымен жүгіру. «Лақтырып қағып ал» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдысын жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке баулу.	жылдамдықты, икемділікті, күшті дамыту; достық сезімді, адалдықты тәрбиелеу. Сонымен қатар, бұл ойында «қасқырлар ұстаған қаздардың» саны есептеледі. Ең көп қаз ұстаған ойыншы келесі ойында қайтадан «қасқыр» болу құқығына ие болады. «Кім батыл?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіруге үйрету. Балалардың күш-жігерін, тепе-теңдікті сақтай білуді дамыту, бұлшық ет жүйесін күшейту. Қауіпсіздікті қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық ойындарды ойнату. Балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын, күшін, ептілігін, дәлдігін жетілдіру; ережелерді орындай білу қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: математикалық жаттығу. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Жұп және тақ сандардың есебін бекіту.	Қысы бойы тынған бақ. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құстарды көректендіру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құстарға, табиғаттағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау. «Кедергілерді жеңгіштер» қимылды ойын-эстафетасы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Шектелген жазықтықтың үстімен (екі жолақ арасымен) қосалқы қадаммен жүруді; кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша"жүгіруді; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтардан секіруді жетілдіру. Жігерлі, шыдамды, зерек болуға баулу. «Жапалақ» қимыл-қозғалыс ойыны (ересек балаларға) (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, жан-жаққа шашырап жүгіре білуді, белгі бойынша қозғалу, тоқтай білу (сондай-ақ, биіктікке секіріп тоқтау), қозғалмай тұра алу дағдыларын дамыту; кеңістікте бағдарлай білуге, шыдамдылыққа баулу.
--	---	--	---	---	---

	Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. «Лақтырып қағып ал» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдысын жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зеректікке баулу. Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер». (шығармашылық іс-әрекет) Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу.	сақтауға жаттықтыру; аяқ бұлшықеттерін, вестибулярлық аппаратты, күш пен төзімділікті дамыту. Ойын соңында балалар жаттығулардың қаншалықты дәл орындалғанын, жеңістің әділ болған-болмағанын талқылап, талдау жасай алады. Өз бетімен ойындар. Құммен ойын. Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Құрсауды еркін бағытта домалату дағдыларын жетілдіру.		Өзіндік еркін ойын әрекеттері: допты бір-біріне төменнен лақтыру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынууда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена	Салт-дәстүр. Қонақасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.	Бата беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін.

	заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ат пен есек» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). (дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.	«Тыныс алуды реттеу» дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; тыныс алу жүйесін нығайту, байсалдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Педагог жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан кейін жиі немесе сирек (терең тыныс алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығу барысында балаларға таныс санамақ, тақпақ немесе әнді айтқызуға болады.	"Бір шаңырақ астында" өлеңін жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған,	«Допты мәреге домалатып апар, жылдам лақтыр» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын жетілдіру. Қимыл ептілігі мен жылдамдығын дамыту. Ойын ережесін сақтап ойнату. Мәре сызығынан 5-7 м жерде қатар сызық сызылады. Бірінші ойыншы белгі бойынша допты сызыққа дейін домалатып апарады.	«Қимылым нені білдіреді?» дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Қоршаған әлемнің заттары, құбылыстары жайында ұғымдарын тиянақтау. Балалардың ойлау, елестету, қиял қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Ойын шарты. Жүргізуші ойынды әртүрлі нұсқамен ойната алады. 1-нұсқа. Педагог балаларға жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді. Балалар көрсетілген затты, жан-жануарларды,

